

Педагог – ұйымдастырушы (МАД – 11 сыныптар бойынша)
Бұлтакова Гүлнұр Аширбаевна

1. Жалпы ережелер

Педагог – ұйымдастырушы бұл қызметке директор тарапынан қабылданады және босатылады.

1. Біліктілік талаптары:

Педагог – ұйымдастырушы лауазымына орта және жоғары кәсіби білімі бар тұлға, жұмыс стажына талап қойылмастан қабылданады.

Педагог – ұйымдастырушы мыналарды білуге тиіс:

- ҚР Конституциясын, ҚР заңдарын, ҚР Үкіметі мен білім беру ісін басқарушы жергілікті органдардың білім беру мәселелері бойынша шешімдерін;
- бала құқықтары туралы конвенцияны;
- жас ерекшеліктері педагогикасы мен арнайы педагогиканы, психологияны, физиология мен гигиенаны;
- оқушылар (тәрбиеленушілер) ынтасы мен талап – тілектерін дамытудың өзіндік ерекшеліктерін, олардың шығармашылық негіздерін;
- жас таланттарды іздестіру мен оларды қолдау әдістемесін;
- ғылыми – техникалық, эстетикалық, туристік - өлкетанушылық, сауықтыру – спорт, бос уақытты өткізу, ойын – сауық бағыттары бойынша шығармашылық түрлерінің біреуін, оның мазмұнын, әдістемесі мен ұйымдастыру тәсілдерін;
- үйірмелер, секциялар, студиялар, клуб бірлестіктері сабақтарының бағдарламаларын;
- балалар ұжымдары, ұйымдары мен ассоциациялары қызметінің негіздерін;
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі нормалары мен ережелерін.

2. Лауазымдық міндеттері

Педагог – ұйымдастырушы мынандай міндеттерді атқарады:

оқушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) тұлғалық дамуына, олардың таланты мен қабілет – қарымын қанағаттандыруға, жалпы мәдениетін қалыптастыруға, әлеуметтік салалардың педагогтануына ықпал етеді;

- тұрғылықты мекен – жайлары бойынша білім алушы оқушылардың (тәрбиеленушілердің, балалардың) жас және психологиялық ерекшеліктерін, қызығушылығы мен қажеттілігін зерделейді, оларды әртүрлі шығармашылық қызметте іске асыруларына жағдай жасайды;
- балалар клубтарының, үйірмелерінің, секцияларының және басқа да әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, оқушылар (тәрбиеленушілердің, балалар) мен үлкендердің бірлескен шараларын ұйымдастырады;
- қызметі бойынша техникалық, көркем шығармашылық, спорттық, туристік - өлкетанушылық т.б. бағыттардың біріне жетекшілік етеді;
- балалар клубтарының, үйірмелерінің, секцияларының және басқа да әуесқой бірлестіктердің жұмыстарын, оқушылар мен үлкендердің бірлескен шараларын ұйымдастырады;
- қызметі бойынша техникалық, көркем шығармашылық, спорттық, туристік - өлкетанушылық т.б. бағыттардың біріне жетекшілік етеді;
- балалар ассоциацияларын, бірлестіктерін құруға байланысты бала құқықтарының жүзеге асуына ықпал етеді;
- кештер, мейрамдар, жорықтар, экскурсиялар ұйымдастырады, оқушылардың бос уақытты өткізу, ойын – сауық жөніндегі әлеуметтік мәні бар бастамаларын қолдайды;
- мәдениет және спорт мекемелерінің қызметкерлерін, ата – аналарды, жұртшылықты оқушылармен жұмыс жүргізуге тартады;
- балалар кооперативтеріне, өзге де оқушылар еңбегін ұйымдастыру формаларына қолдау көрсетеді;

- оқушылардың каникулдық демалысын ұйымдастырады, оқу процесі кезеңінде олардың өмірі мен денсаулығына жауап береді;
- педагогикалық, әдістемелік кеңестердің жұмысына, ата – аналар жиналыстарының өткізуге, білім беру бағдарламаларында қарастырылған сауықтыру, тәрбие және басқа бағыттар бойынша жүргізілетін шараларға қатысады; ата – аналар мен оларды ауыстыратын тұлғаларға әдістемелік және консультативтік көмек ұйымдастыру және өткізу жұмыстарына атсалысады;
- еңбек қорға, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды;
- білім беру процесі кезеңінде тәрбиеленушілер өмірі мен денсаулығының қорғалуын қамтамасыз етеді;
- еңбек қорғау, қауіпсіздік техникасы және өрт қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын сақтайды.

4. Құқықтары

Педагог – ұйымдастырушы мыналарға құқылы:

- басқару ісіне қатысуға, өзінің кәсіби абыройы мен намысын қорғауға;
- оқыту және тәрбие беру әдістемелерін, бекіткен бағдарламаға сәйкес оқу құралдары мен материалдарын, оқулықтарды еркін таңдап алуға;
- өз қызметінің мәселелері бойынша директорының қарауына ұсыныстар ендіруге;
- басшылығы мен мамандарынан өз қызметін жүзеге асыруға қажетті ақпараттар алуға;
- лауазымдық міндеттерін орындауға басшылығынан көмек көрсетуді талап етуге.
- еңбек қорғау талаптарына сай жұмыс орнымен қамтамасыз етілуге, жұмыс берушіден жұмыс жағдайлары туралы нақты ақпараттар алуға;
- кәсіби біліктілігін көтеруге, аттестациядан өтуге.

5. Жауапкершілігі

Педагог – ұйымдастырушы мыналарға жауап береді:

- осы нұсқаулықта қарастырылған өз лауазымдық міндеттерін орындамағаны немесе тиісті дәрежеде орындалмағаны үшін – қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес.
- келтірілген материалдық залалы үшін – қолданыстағы ҚР Еңбек кодексіне сәйкес.

Лауазымдық нұсқаулықпен таныстым:

Г.Бултакова
тәлімгері/

Г.Бултакова

(қолы)

/ МАД – 11 сыныптар бойынша мектептің

01.09.2023 жыл

Мектеп директоры:



Г.Былкиева